

**Аршалы кентінің №1 ЖОББМ-ң қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің
әдістемелік бірлестігі отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Өткен күні: 29 қазан 2025 жыл

Өткен орны: Аршалы к. №1 ЖОББМ, 28-кабинет

Қатысқандар: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері (6 адам)

Қатыспағандар: 1 адам (Муканова Ж.К., денсаулық жағдайына байланысты)

Күн тәртібі:

1. I тоқсандағы пән бойынша білім сапасын талдау;
2. I тоқсанда өткізілген сабақтан тыс жұмыстарды талдау;
3. Дарынды балалармен жұмыс барысын талдау;
4. Оқушылармен ғылыми жоба жұмыстарын жазу бойынша шеберлік сабағы;
5. Авторлық бағдарлама жазу бойынша шеберлік сабағы;
6. Оқу жылының басында өткізілген кіріс бақылаудың қорытындысын талқылау.
7. Әртүрлі мәселелер.

1) Бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Кайрмденова Арайлым Есболатовна сөз сөйледі. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Д.Бакиров «Білімкласс» жүйесінен ұсынған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен барлық сыныптардың үлгерімі мен білім сапасы туралы кесте түріндегі ақпаратпен таныстырды. Пән бойынша жалпы білім сапасы – 71,8% (мектеп бойынша 54%). Сонымен қатар әр пән мұғаліміне тоқсан сайын үлгерім мен білім сапасының мониторингі бойынша кестені толтыру қажет екені айтылды. Алдыңғы тоқсандарда сол кесте бойынша салыстырмалы талдау жасалатыны ескертілді.

(ақпарат қоса беріледі)

2) Екінші мәселе бойынша ӘБ мүшелері I тоқсанда ұйымдастырылған және өткізілген сабақтан тыс жұмыстарға тоқталды. Қазақстан халқының тілдері күніне орай өткізілген онкүндік жоспары бойынша іс-шаралар және болашақта ескерілуі тиіс өзгерістер мен ұсыныстар айтылды. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі А.А.Абубакироваға ашық сабақ пен сабақтан тыс жұмысты біріктіруге болмайтыны, әрқайсысы жеке жұмыс түрі екені ескертілді.

3) Үшінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі 2025-2026 оқу жылына арналған дарынды балалармен жұмыстың бекітілген жоспарымен таныстырды. Жоспардың әр тармағына тоқталып, әр пән мұғаліміне өзінің жеке жоспарын жасау қажеттігі айтылды. Жеке жоспарда

дарынды оқушыларды атап айтып, нақты жұмысты көрсету керек екені ескертілді. Сонымен қатар дарынды балалар туралы деректер базасын толтыру үлгісі көрсетілді. Бұл құжатты да ӘБ папкасына жинау үшін тапсыру қажет екені айтылды.

4) Төртінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Кайрмденова Арайлым Есболатовна «Оқушылармен ғылыми жоба жұмыстарын жазу» тақырыбына баяндама жасап, өз тәжірибесімен бөлісті. Баяндама барысында оқушылармен ғылыми жоба жұмысын жазудың мақсаты мен міндеттері, жұмыс кезеңдері, мұғалімнің атқаратын жетекшілік рөлі, тақырыпты дұрыс таңдаудың маңызы және т.б. өзекті мәселелер сөз етілді.

(баяндамасы қоса беріледі)

5) Бесінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Утепбаева Динара Болгазыевна «Авторлық бағдарлама жазу үлгісі» тақырыбына баяндама жасады. Баяндамашы өзінің педагог-зерттеуші біліктілік санатына аттестациядан өту барысында дайындаған авторлық жұмысы негізінде тәжірибесімен бөлісті. Авторлық жұмыстың құрылымы, мазмұны, оны облыстық сарапшылар кеңесіне ұсыну үрдісі туралы толық ақпарат берді. Сонымен қатар облыстық сарапшылар кеңесінен келген қорытындымен де таныстырып, авторлық жұмыс жазуды ескерілуі тиіс мәселелерге тоқталды.

(баяндамасы қоса беріледі)

6) Алтыншы мәселе бойынша оқу жылының басында өткізілген кіріс бақылаудың қорытындысын талқыланды. Кіріс бақылау жұмыстарының нәтижелері бойынша пән мұғалімдері тапсырған ақпараттар негізінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Д.Бакиров жасаған анықтама оқылды және талқыланды. Анықтамада айтылған барлық ескертулер алдағы жұмыста басшылыққа алынуы қажет екені ескертілді.

7) Әртүрлі мәселелер бойынша ағымдағы жұмыс барысы, соның ішінде күнделікті сабақтың ҚМЖ-сын талапқа сай жазу қажеттігі айтылды.

Ұсыныстар:

1. Пән бойынша үлгерім мен білім сапасы үнемі бақылауда болып, мониторинг тұрақты жүргізілсін;
2. Келесі жылдың Тілдер онкүндігі жоспарында сабақтан тыс іс-шаралар түрлендірілсін;
3. Дарынды балалармен жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі және мақсатты түрде жұмыс жүргізілсін;